

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 2025 жылдың II-тоқсаны


Жеке тұлғалардың депозиттері нарығының даму серпіні

Жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер нарығы 2025 жылдың алғашқы жартысының қорытындысы бойынша өсуін жалғастыруда. Депозиттер молаюда. Ұлттық Банк маусым айында есеп берген болатын: инфляция үдей бастады. Қаңтар айында ол 8,9% болса, сәуірде 10,7%-ға көтерілді, енді міне, маусымда 11,8%-ға жетті¹. Сонымен бірге маусым айында атаулы жалақы индексі (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда) 110,7%-ды, ал шынайы жалақы индексі 101,2%-ды құрады². Мұндай макроэкономикалық жағдайда халық жинақ ақшаларын банкке салу арқылы қорғауға ұмтылады. Бұл әрине, ақылға қонымды. Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені биылғы жылдың екінші тоқсанында 16,5% деңгейінде сақтады. Бұл ретте инфляция туралы жаңартылған болжам, экономиканың өсуі, ішкі және сыртқы жағдайлар есепке алынды. Қаржы реттеушісі осындай саясат ұстанып тұрған соң, сәйкесінше банктер жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін біртіндеп көтерді.


Бірінші тоқсанда аздап құлдыраған депозиттік база екінші тоқсанда қайта нығая бастады. Мұндай жағдайды жыл сайын байқауға болады: халықтың жинақ ақшасы бірінші тоқсанда маусымдық сипатта төмендейді де, келесі тоқсанда керісінше көтеріле бастайды. Бұл жылы да солай болды: екінші тоқсанда депозиттердің жалпы көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 5,0%-ға, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,1%-ға өсті. Бұл депозит нарығында жағдай оң сипат ала бастағанын білдіреді (1,2-сурет).

Халық өздерінің банктердегі ақшаларын әртараптандыру арқылы инфляциялық қауіптен сақтануға ұмтылуда. Айталық, жеке тұлғалардың депозиттік шоттарының саны 2025 жылдың екінші тоқсанында 11,7%-ға артты (салыстырар болсақ, 2024 жылдың екінші тоқсанында өсім – 2,9%-ды ғана құраған болатын) (1-сурет). Өсу қарқыны осы жылдың бірінші тоқсанындағы қарқынмен бірдей дерлік (11,5%). Салымшылар инфляциядан келетін шығынның орнын толтыруға тырысуда. Бұл үшін олар мерзімді және жинақ салымдарың санатына жататын, тартымды салымдар ашып, өздерінің депозиттік қоржынын барынша кеңейтуде. Банк салымдарының тәуекелдері төмен екенін ескерсек, мұндай әртараптандырудан түстін табыс жоғары болады. Оның үстіне ҚДКБҚ кепілдіктерін ұмытпау қажет. Ол әрбір банк бойынша салымшының ашқан депозиттерінің жалпы жиынтық сомасына қолданылады.

1-сурет. Шоттар мен депозиттердің саны артуда



2-сурет. Депозиттік база қалпына келуде



3-сурет. Валюталық депозиттер долларлық баламада да, теңгелік баламада да қысқаруда



¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ақпараттық үрдістер, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/inflyacionnye-tendencii/rubrics/2315>

² Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-wags/>


Долларландыру деңгейі төмендеді, қазір ол экономика үшін қолайлы деңгейде. 2025 жылдың екінші тоқсанында шетел валютасындағы депозиттердің көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда доллар түрінде 6,2%-ға төмендеді. Бұған теңгелік депозиттердің пайыздық сыйақыларының жоғары болуы және қаражаттың басқа да инвестициялық құралдарға жұмсалуды себеп болды. Ал теңгелік сипатта шетел валютасындағы депозиттердің көлемі сәйкесінше 3,1%-ға азайды (3-сурет). Осындай жағдайларға байланысты халық депозиттерінің долларлану деңгейі одан әрі төмендеп, екінші тоқсанның соңында қолайлы деңгей аясында тұрақты³, яғни – 23,1%-ды құрады. Жылдық тұрғыда халық депозиттерінің долларлануы 2,4 пайыздық тармаққа (п.т.) азайды (4-сурет).

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы⁴


Бұқаралық сегмент әлі де нарықтың негізін құрап отыр. Бірақ оның үлесі шамалы азайды. Оның орнына орта және ірі сегменттер молая түсуде. Өйткені орта және ірі салымшылардың теңгелік депозиттерге деген қызығушылықтары арта түсуде. Екінші тоқсанда бұқаралық сегменттің үлесі халық депозиттері базасында 0,2 п.т.-қа өсіп, 49,6%-ды құрады (5-сурет). Осы аралықта теңгелік депозиттердегі бұқаралық сегмент халықтың жалпы депозиттік базасының ұлғаюына байланысты абсолютті мәнде 15,3%-ға артқанымен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8 п.т.-қа азайды. Оның орнына орта және ірі сегмент бірнеше пайыздық тармаққа өсті. Жалпы екінші тоқсанда шетел валютасындағы депозиттерді есептемегенде, барлық сегментте депозиттердің көлемі өсті (6-сурет). Ал шетел валютасындағы депозиттердің барлық үш сегментінде қаражат көлемі барған сайын азайып жатыр. Бұған бір жағынан шетел валютасындағы депозиттердің пайыздық сыйақысының тым төмендігі әсер етіп жатыр: бұл салымшыларды валюталарын теңгелік депозиттерге ауыстыруға итермелеуде. Ал екінші жағынан шетелдік валюта қауіпті, бірақ анағұрлым табысты валюталық құралдарға: акцияларға, ЕТФ-қорларға, АҚШ мемлекеттік қазыналық қағаздарына және басқа да валюталық қаржы құралдарына инвестиция жасауға мүмкіндік береді. Бірақ мұндай инвестицияның сақтандырылуына ҚДКБҚ тарапынан кепілдік берілмейді.

Ұлттық валютадағы ірі және орта сегменттің өсуі өте жоғары болуда. Өйткені мұнда банктер ұсынатын табыстық мөлшерлемесі өте тартымды. Әдетте ірі салымшылар банк депозиттеріне салқын қарайды деп саалады. Өйткені олардың қолда бар ірі қаражатты басқа да қаржы құралдарына инвестициялауға мүмкіндігі жоғары. Сондай-ақ олардың ірі сегментте орналасқан


4-сурет. Долларлану деңгейі «жайлы» деңгейге тұрақтап, төмендей түсті



5-сурет. Нарықтың құрылымы сегменттер бөлінісінде тұрақты



6-сурет. Депозиттердің өсуі барлық сегменттердегі ұлттық валютадағы салымдар есебінен орын алуда



³ шетелдік зерттеулердің көрсетуінше, валюталық депозиттер үлесінің 30%-дан аспауы құптарлық деңгей болып саналады

A. Kokenyene, J. Ley, R. Veyrunne, 2010, «Dedollarization», IMF Working Paper

A. Bennett, E. Borensztein, 1999, «Monetary Policy in Dollarized Economies», IMF Occasional Paper No. 171

⁴ бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

депозиттеріндегі ақшаларының орташа көлемі ҚДКБҚ кепілдік берген максималды сомадан әлдеқайда жоғары. Дегенмен ұлттық валютадағы салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің айтарлықтай жоғары болуы оларды ірі салымшылар үшін де тартымды қаржы құралына айналдырып отыр. Сонымен ұлттық валютадағы ірі сегменттің жылдық өсімі, оның ішінде пайыздық сыйақылардың есептелуін ескерсек, 30,3%-ды, ал тоқсанды өсімі – 10,1%-ды құрады (6-сурет).


Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы

Мерзімді депозиттер нарығының тұжырымы – табыстылықты паш етіп тұр – банктер халық тарапынан келетін тұрақты қаржы үшін үлкен пайызбен төлеуге дайын, ал салымшылар болса, икемділігі төмен салымдар үшін едәуір жоғары табыс алуда. Екінші деңгейдегі банктерде жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер көлемінің жалпы өсуі аясында мерзімді және жинақ салымдар өткен тоқсанмен салыстырғанда ең жоғары өсімді (сәйкесінше 128,3% және 13,8%) көрсетті. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемесі өзгермелі депозиттердің өсімі де жоғары болды (33,0%). Сыйақысы мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттер тобында керісінше қаражат көлемінің азаюы байқалады (-0,3%). Халық арасында ең танымал депозит – әрине, мерзімсіз салымдар. Олардың үлесі жалпы жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер базасының 58,7%-ын алып жатыр. Ал мерзімді және жинақ депозиттердің үлесі бірлесе отырып, 16,7%-ды құрайды. Мерзімді және жинақ салымдар көлемінің артуы банк жүйесін нығайтудың оң көрсеткіші болып табылады. Өйткені салымдардың бұл түрлері банктердің бюджеттік және коммерциялық қызметінде тұрақтылықты, болжамдылықты қалыптастырады. Мұндай салымдар, оларды мерзімінен бұрын алынуына шектеу қойылатындығы және бұл ретте пайызы да жойылатындығына қарамастан, табыстылығы жоғары болғандықтан, халық арасында үлкен қызығушылық туғызады. Екінші тоқсан ішінде халықтың депозиттік базасында тұрақты қорландыру үлесі⁵ 3,0 п.т.-қа өсіп, 18,5%-ға жетсе, 2024 жылдың 1 шілдесімен салыстырғанда 7,7 п.т.-қа жоғарылады. Бұл мерзімді және жинақ депозиттердің жоғары табыстылыққа ие екендігін көрсетеді (7-сурет).

Сыйақы мөлшерлемесі

Ұлттық валютадағы салымдардың табыстылығы Ұлттық Банктің бірқалыпты қатаң ақша-кредит саясаты аясында айтарлықтай өсті. 7 наурызда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 1,25 т.т.-қа көтеріп, 16,5%-ға жеткізді. Сөйтіп 2-тоқсан барысында (11 сәуірдегі және 5 маусымдағы шешімдер) базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде сақтады. Банктер өздерінің бәсекеге қабілеттілігін сақтау мақсатында депозиттік өнімдері

7-сурет. Тұрақты қорландыру депозиттердің өсуімен бірге



8-сурет. Банктер базалық мөлшерлемеден кейін мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелерді жоғарылатты



⁵ Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі мен мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіндегі салымдарды қоспағанда, жеке тұлғалардың теңгеде ашылған депозиттерінің жалпы көлемінде мерзімді және жинақ салымдардың үлесі

бойынша мөлшерлемелерді де көтерді. Нәтижесінде тоқсан ішінде орташа өлшемді нарықтық мөлшерлемелер барлық дерлік салымдар бойынша өсті:

- ешқандай шектеусіз толықтыруға және мерзімінен бұрын ішінара және толықтай ақша ала беруге болатын ыңғайлы және икемді мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме 0,6 п.т.-қа жоғарылады (наурыздағы 14,4%-дан маусымдағы 15,0%-ға дейін) (8-сурет);

- толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер 12 айлық мерзімді қоса санағанда 0,4-0,5 п.т.-қа азғана өсті, себебі онсыз да жеткілікті жоғары деңгейде болған еді (9-а сурет). Қазіргі уақытта толықтыру құқығы жоқ салымдар сегменті салымшылар үшін анағұрлым тартымды табыстылық ұсынады. Айталық, толықтыру құқығы жоқ салымдар бойынша максималды нарықтық мөлшерлеме 1 айдан 6 айға дейінгі мерзімдер бойынша 18,0%-ды құрады;


- толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелердің тоқсан ішінде айтарлықтай өскендігі байқалады – мерзімі 24 айдан асатын салымдар бойынша (9,5%-ға дейін) және 6-12 айлық мерзімдер бойынша (до 15,5%) 3,1 п.т.-қа өсті (9-б сурет). Толықтыру құқығы бар салымдар бойынша максималды нарықтық мөлшерлеме 1 айдан 6 айға дейінгі мерзім бойынша 17,7%-ды құрады. Бұл сегменттегі мөлшерлемелердің өсуін көп жағдайда мерзімді салымдар сегментінің дамуымен түсіндіруге болады – мұндай салымдар бойынша ақшаны мерзімінен бұрын алуға қатысты шектеу аса қатаң емес, бірақ пайыздық сыйақы мөлшерлемесі мерзімсіз салымдарға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Нарықта тек қысқа мерзімді салымдар бойынша ғана емес, едәуір ұзақ мерзімді салымдар бойынша да тартымды ұсыныстар пайда бола бастады. Айталық, мерзімі 12 айдан 24 айға дейін болатын, толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме маусым айында 16,1%-ды құрады. Толықтыру құқығы бар ұзақ мерзімді салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме инфляция деңгейінен аспайды, дегенмен жекелеген банктер осы сегментте тиімді талаптар ұсына бастады. Осылайша салымшы өзінің жинақ ақшалары бойынша ұзақ мерзімге оң сипаттағы шынайы табыстылықты тиянақты бекіте алады және бұл жоғары табыстылық салымның мерзімі аяқталғанша өзгермейді.


Жалпы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша Қазақстанның жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығында екінші деңгейдегі банктердің сыйақы мөлшерлемелерін арттыруы аясында депозиттер көлемінің одан әрі ұлғаюы байқалуда. Көптеген депозиттік өнімдер бойынша пайыздық мөлшерлемелер инфляция деңгейінен жоғары және ҚДКБҚ тарапынан берілетін кепілдіктің арқасында тәуекел-табыстылық арақатынасы бойынша анағұрлым ұтымды инвестициялық шешім болып табылады. Бұдан басқа, ұлттық валютадағы депозиттер бойынша едәуір тартымды талаптардың қарастырылғандығына

9-сурет. Толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер салымшылар үшін анағұрлым тартымды болып тұр

а) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



б) толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер*



* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.

байланысты депозиттердің долларсыздану үрдісі байқалуда. Жеке тұлғалардың депозиттік базасында мерзімді және жинақ салымдар үлесінің өсуі – банк саласы үшін де, салымшылар үшін де оң құбылыс болып табылады. Салымдардың бұл түрлері салымшылар үшін көтеріңкі табыстылық ұсына отырып, банк қызметінің ақша қаражаты бойынша қор жинау тұрақтылығын арттыра түседі. Бұл деректер теңгелік салымдар бойынша жоғары мөлшерлемелер жағдайы аясында халықтың депозит нарығының сандық өсуін ғана емес, сапалы дамуын да көрсетеді және растайды.